

"Тәрбиенің тамыры отбасында" тақырыбында ата- аналарға арналған психологиялық кеңес жұмысы өткізілді

Өткізілген күні: 26.04.2018

Уақыты:18.00

Жиналыс тақырыбы: «Тәрбиенің тамыры- отбасында»

Қатысушылар: Ата-аналар мен сынып жетекшілер

Жалпы саны: 325

Жиналыс барысы: Астана қаласы 67- ші гимназиясында 26 – сәуір күні "Тәрбиенің тамыры отбасында" тақырыбында ата- аналарға арналған психологиялық кеңес жұмысы өткізілді. Қоғамда бала тәрбиесіндегі отбасы рөлінің маңыздылығы мен жауапкершілік жүгінің тұрғанын, бала көңіліндегі әрбір қыры мен сырын ата- ана аша білу, бала жанына әрдайым жақын болуын жеткізе отырып мектеп пен ата- ана арасындағы бірлескен тәрбиенің ортақ мақсатта серіктестікті жетілдіре түсуді алға тартқан гимназия директоры Гулжанат Асанқызы ата- аналар қауымына өз ойын тарқата сөйледі. Бала тағдыры баршаны алаңдатыатынын айта келе, балалар мен ата- аналарға және ұстаздарға әрдайым қолдау танытып, психологиялық қызмет көрсетуді ұсынған "Астана дарыны" дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының директоры Майра Жаноразқызы ата- аналарға үлкен ой салатын, толғандыратын, отбасында баланың қаншалықты тәрбиені алып жатқанына зер салуын ата- ана міндетін өмірде кездесетін мысалдарды келтіре терең түсінік берді. Бала тәрбиесі соның ішінде қыз балаға тән қасиет тәлім- тәрбиені бойына ұлттық рухта дарыта білетін Астана қаласы "Қазақ қызы" мәдени- инбаттылық қыздар институтының басқарушы директоры Әбенова Сәлима Әбенқызы ұлт болашағын тәрбиелеу жолында қызмет жасап жатқан институттың берер тәлімінің мәні зор екендігін таныстыра өтіп, мектеп пен ата- аналарды байланыс жасауға шақырды.

